



Күздің алғашқы күні оқушыларды, ұстаздарды, ата-аналар мен құрметті қонақтарды қайтадан бір ортаға жинады. Жоғары сынып оқушылары үшін бұл күн мектеп өміріндегі кезекті кезең болса, ал ең кішкентай оқушылар үшін жаңа әрі

АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ – ҮЛКЕН ЖОЛДЫҢ БАСТАУЫ

1 қыркүйек күні ауданның барлық білім беретін мектептерінде, оның ішінде Новочеркасск ауылының жалпы білім беретін мектебінде аудан әкімі Талғат Ерсейітовтың қатысуымен білім күніне және жаңа оқу жылының басталуына арналған салтанатты жиын өтті.

қоңырау мектеп қабырғасындағы алғашқы қоңырау болса, ал түлектер үшін мектеп жылдарының тез өтетінін және алда жаңа өмір кезеңі күтіп тұрғанын еске салған ерекше сәт болды.

Әрбір оқу жылы жаңа мүмкіндіктерге



маңызды жолдың бастауы болды.

Жаңа оқу жылының басталуына орай аудан әкімі Талғат Ерсейітов оқушыларды, ұстаздар мен ата-аналарды құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Ол мектеп оқушыларына оқуда озат болуды, жаңа білім мен жарқын жетістіктерге жетуді, алға қойған мақсаттарына сеніммен қадам басуды тіледі.

Әсіресе, 1 қыркүйек күні мектеп табалдырығын алғаш рет аттаған бірінші сынып оқушыларына ерекше жылы лебіздер айтылды. Олар үшін бұл күн - есте қалатын маңызды оқиғалардың бірі.

Жаңа оқу жылының басталуымен мектеп директоры Зумрат Альмаханова да

оқушыларды құттықтады. Өз сөзінде ол оқушыларға білімге деген құштарлық, табандылық пен жоғары нәтижелер тіледі. Ал ұстаздарға кәсіби жетістіктер, шығармашылық шабыт пен қажымас еңбек жолын тіледі.

Оқушылардың ата-аналары да мерекелік шарадан тыс қалмай, балаларға ақжолтай тілектерін жеткізді. Олар мектеп оқушыларына жақсы бағалар, адал достар, қызықты жаңалықтар мен барлық бастамаларына сәттілік тіледі.

Мерекелік шараның ерекше әсерлі сәттерінің бірі - бірінші сынып оқушыларының өнер көрсетуі болды. Кішкентай бүлдіршіндер өздерінің

өлеңдерін дайындап, алғашқы мектеп күндері туралы өз әсерлерімен бөлісті.

Өз кезегінде жоғары сынып оқушылары да мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге ақ тілектерін айтып, жылы лебіздерін білдірді. Олар бірінші сынып оқушыларына сабақтарын жақсы оқып, қиындықтардан қорықпауға, ұстаздарын құрметтеуге, сыныптастарымен тату болуға және мектептегі әр күнді бағалауға тілектестік білдірді.

Салтанатты жиынның аяқталуында алғашқы қоңырау соғылды. Оның сыңғырлаған үні жаңа оқу жылының басталғанын білдіріп, оқушыларды алғашқы сабақтарына шақырды.

Бірінші сынып оқушылары үшін бұл

жол ашып, оқушылардың қабілеттерін дамытуға, таланттарын шыңдауға және алға қойған мақсаттарына сенімді қадам басуына мүмкіндік береді.

Жаңа оқу жылы әрбір оқушы үшін үлкен жаңалықтарға, жақсы кездесулерге және маңызды жетістіктерге толы болсын! Мектеп қабырғасында әрдайым достық, өзара сыйластық пен білімге деген ұмтылыс салтанат құрсын. Әр оқушы ұстаздарының, ата-аналары мен достарының қолдауын сезінсін!

Білім күні құтты болсын! Жаңа оқу жылы табысты, қызықты әрі жарқын жетістіктерге толы болсын!

Нариман БУХАРОВ.

ДОРОЖНАЯ ОТРАСЛЬ ПЕРЕХОДИТ НА ЕДИНУЮ ЦИФРОВУЮ СИСТЕМУ

В Казахстане дорожная отрасль переходит к единому цифровому формату. Теперь информацию об автомобильных дорогах, их строительстве и ремонте, используемых материалах, результатах лабораторных испытаний, объектах дорожной инфраструктуры и обращениях граждан планируется объединить в единой цифровой экосистеме E-Joldar.

Идея создания единой цифровой системы в дорожной отрасли была озвучена Президентом Республики Казахстан Касым-Жомартом Токаевым в Послании народу Казахстана 2 сентября 2024 года. Ожидается, что внедрение платформы позволит повысить эффективность управления дорожной инфраструктурой и усилить общественный контроль.

С помощью E-Joldar пользователи смогут получать подробную информацию как об автомобильной дороге в целом, так и об отдельных ее участках. В системе будут доступны сведения о техническом состоянии дороги, сроках проведения ремонтных работ, используемых материалах и результатах лабораторных проверок.

Одно из ключевых преимуществ платформы заключается в объединении информации, ко-

торая ранее была распределена между различными цифровыми ресурсами.

Так, система KazToll предоставляет сведения о платных автомобильных дорогах. В JolBitum и RCMBase содержатся данные об использованных дорожных материалах, а KazRoadLab позволяет учитывать результаты лабораторных испытаний.

В единую систему также планируется интегрировать обращения граждан, поступающие по вопросам состояния дорог через eOtinish. Это позволит сопоставлять поступившие жалобы и предложения с информацией о техническом состоянии дорожных участков и проводимых ремонтных работах.

Дополнительные сведения о придорожной инфраструктуре будет предоставлять система Sarag. В ней отражается инфор-

мация о заправочных станциях, местах отдыха, объектах общественного питания, парковках и других объектах, расположенных вдоль автомобильных дорог.

Предусмотрены и аналитические возможности. Система RoadIQ позволит анализировать состояние дорожного полотна, историю проведенных ремонтов и интенсивность транспортного движения.

Таким образом, E-Joldar формирует своеобразную «цифровую историю» каждой дороги - от строительства и ввода в эксплуатацию до последующего содержания, ремонта и контроля качества.

Для специалистов отрасли единая платформа станет инструментом мониторинга, анализа и принятия управленческих решений. Объединение данных в одной системе призвано повысить прозрачность дорожной отрасли, обеспечить более эффективный контроль за состоянием автомобильных дорог и способствовать совершенствованию цифрового управления дорожной инфраструктурой Казахстана.

ТІЛІМ МЕНІҢ - МАҚТАНЫШЫМ

Тілсіз халық болмайды, халықсыз ел болмайды. Ол атадан балаға қалып отырған баға жетпес мұра екені бәрімізге мәлім. Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақстан – көп ұлт өкілдері мекендейтін мемлекет.

Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, артық айтпаймыз. Тіл әрбір ұлттың елдің ел болып қалыптастырушы және жасаушы құралы болып табылады. Ешқашан ұмытылмайтын ерең ерліктің айғағы, ертеңгі күнімізді айқындаушы, яғни кешегіміз, бүгінгіміз, ертеңгіміз.

Тіл – жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым екенін естен шығармауымыз қажет.

Қазіргі таңда қазақ тілін үйренуге және қолдануға мүмкіндік мол. Заманауи технологиялар мен әлеуметтік желілер арқылы қазақ тіліндегі сапалы контентті



көбейтуге болады. Жастардың қазақ тілінде кітап оқуы, фильм көруі, ақпарат таратуы және шығармашылықпен айналысуына тіліміздің жаңа деңгейіне көтерілуіне жол ашады.

Қазақ тілі - біздің ұлттық құндылығымыз әрі тәуелсіздігіміздің маңызды нышаны. Ана тілімізді сақтау – өткенімізді құрметтеу, ал оны дамыту – болашаққа жасалған үлкен қадам деп білемін. Қазақ тілінің болашағы – оны күнделікті өмірде қолданып, жетілдіру әр азамат пен азаматшаның өз қолында. Қазақ тілінің мәртебесі асқақтай берсін!

Гүлмира ТАЙШИБАЕВА,
тілдерді оқыту орталығының
әдіскері.